



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «29» қаңтар
№ 107-226 қаулысына
75- қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынының ұйымдық-құқықтық нысанындағы білім беру қызметін жүзеге асыру үшін құрылған, занды тұлға болып табылады.

2. Мемлекеттік кәсіпорнының түрі: мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

3. Кәсіпорын «Астана қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынын құру туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы «25» мамырдағы №107-804 қаулысының негізінде құрылған.

4. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) Кәсіпорының құрылтайшысы болып табылады.

Кәсіпорының мүлкіне қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын әкімдік жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) болып табылады.

6. Кәсіпорын:

түрі бойынша: мектепке дейінгі үйым, балабақша;

типі бойынша: жалпы дамыту топтарымен, инклузивті білім беру жалпы дамитын топтарымен, шағын орталықпен ерекшеленеді.

7. Кәсіпорының атауы:

мемлекеттік тілде: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № 80 «Ботақан» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын.

орыс тілінде: государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад №80 «Ботақан» акимата города Нұр-Сұлтан.

Кәсіпорының қысқартылған атауы:

Мемлекеттік тілде: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы» МКҚ;

Орыс тілінде: ГККП «Ясли-сад №80 «Ботақан» акимата города Нұр-Сұлтан.

8. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы, С. Торайғыров көшесі, 11.

2. Кәсіпорынның зандық мәртебесі

9. Кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен құрылған деп саналады және занды тұлға құқығын алады.

10. Кәсіпорынның дербес тенгерімі, Қазақстан Республикасының банктерінде заңнамаға сәйкес шоттары, бланктері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы бар мөрі, белгіленген үлгідегі мандайша жазуы бар.

11. Кәсіпорын мұліктік және мұліктік емес құқықты және міндеттерді алады, сотта талап қуынушы және жауапкер бола алады.

12. Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын занды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа занды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

13. Кәсіпорын жасаган азаматтық-құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге тіркеулерге жататын мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзге жағдайлар қарастырылmasa, тіркеуден өткен сәттен жасалған деп саналады.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні, мақсаттары мен міндеттері

14. Кәсіпорынның Тәрбиелік-білім беру қызметі оның осы Жарғыда қарастырылған мақсаттарымен және міндеттерімен, сондай-ақ Кәсіпорынға уәкілетті орган арқылы жеткізілетін мемлекеттің білім беру тапсырыстарымен анықталады.

15. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты алғашқы бірдей жағдайлар құруды қарастырып, қарапайым оқу дағдыларын, жазу, есептеу мен ауызекі қарым-қатынас жасау және бастапқы білім беруді менгеруді қалыптастыру болып табылады.

16. Кәсіпорынның негізгі міндеттері:

- 1) балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-кимыл жасау;

5) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және деңсаулығын корғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

17. Кәсіпорын қызметінің мәні:

1) Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің Жалпы міндетті мемлекеттік стандартын іске асыру

2) тәрбиелік-білім беру үдерісінің заманауи әлеуметтік-экономикалық шарттары мен талаптарына сәйкес дамыған пәндік-кеңістіктік ортаны қамтамасыз ету;

3) оку үдерісін жаңғыртуды қамтамасыз ету мақсатында Кәсіпорынның оку-әдістемелік және материалдық базасын жаңарту;

4) жалпы дамитын топтарда психофизикалық дамуын іске асыру,

жалпы дамигын инклузивті білім беру топтарда арнайы оқу-түзету қызметі арқылы психофизикалық дамуын іске асыру;

5) оку жоспарына, баламалық және авторлық бағдарламаларға сәйкес балалардың қызыгуышылығын қанағаттандыру және қабілеттерін дамыту;

6) ата-аналардың (немесе өзге де занды өкілдерінің) баланы тәрбиелеудегі сұраныстарын қанағаттандыру болып табылады.

18. Аталған мақсаттарға жету, қызметінің мәніне сәйкес өз міндеттерін іске асыру үшін Кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) балаларға арналған мерекелер, ертеңгіліктер және басқа да мәдени-оійн-сауық сипатындағы іс-шаралар өткізу;

2) театрларға, мұражайларға және т.б. бару, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының көрікті жерлерімен танысу бойынша іс-шаралар өткізу;

3) кәсіпорынның негізгі кәсібі бойынша ата-аналарға кенес беру қызметін көрсету.

4) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің шығармашылық қабілетін дамыту;

5) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің дене бітімін және балалар спортын дамыту;

6) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қарым-қатынас қабілетін дамыту;

7) мектепке дейінгі ұйымның балаларын интеллектуалдық дамыту;

8) инклузивті оқытуды енгізу;

9) мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде электрондық форматта ұсыну сапасын және мерзімдерін жыл сайынғы (есептік (күнтізбелік) жылдың қорытындысы бойынша) бағалауды сактау бойынша мониторинг жүргізу және бақылау;

10) ақылы білім беруді және сауықтыру қызметтерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және жалпы білім берудегі жоғары мемлекеттік стандартына сәйкес ұйымдастыру.

Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

19. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжатымен белгілі бір деңгейде шектелген қызмет мақсаттарына қайшы келетініне басшының жарғылық құзыретін бұза отырып мәміле жасасуы үәкілетті органның немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі үәкілетті органның не прокурордың талап арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Заңсыз іс-әрекет жасаған жағдайда Кәсіпорын басшысы Қазақстан Республикасы заннамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

4. Кәсіпорынның тәрбие-білім беру үрдісін ұйымдастыру

20. Кәсіпорынның Білім беру мен тәрбиелеу жүйесі діни және діни бірлестіктерден ада, зайырлы сипатта.

21. Кәсіпорын үшін мемлекеттік білім беру тапсырысын орындау міндетті болып табылады.

Егер тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушы немесе сатушы ретінде шарттар жасасу мемлекеттік білім беру тапсырысымен қарастырылған болса, Кәсіпорынның шарттар жасасудан бас тартуға құқығы жоқ. Мемлекеттік білім беру тапсырысы Кәсіпорынға үәкілетті орган арқылы жеткізіледі.

22. Кәсіпорын балалармен аптастына толық бескүндік жұмыс тәртібімен 10,5 сағат бойы жұмыс жасайды.

23. Оқу үрдісінің негізгі қатысушылары - тәрбиленушілер, ата-аналар немесе олардың занды өкілдері және Кәсіпорынның қызметкерлері.

Кәсіпорында оқыту мен тәрбие беру мемлекеттік тілде жүргізіледі.

24. Кәсіпорында тәрбиелеу-білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленген бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың негізі оқу және тәрбие жұмыстарын талдау, жоспарлау және бақылау болып табылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі тәрбиленушілер, педагог қызметкерлердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.

Тәрбиленушілерге қатысты физикалық, моральдік және психологиялық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

25. Кәсіпорын тиімді тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз ету үшін (баланың жеке басының шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік негіздерін және салауатты өмір салтын қалыптастыру) Қазақстан Республикасының білім саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен педагогтерге баламалы авторлық бағдарламаларды таңдау, қолдану, тәрбиелеу, оқыту мен сауықтырудың жаңа технологияларын енгізу құқығын береді.

26. Мектепке дейінгі оқыту мектепте оқытуға балаларды мектепалды дайында түрінде бес жастан бастап жүзеге асырылады.

Кәсіпорын тәрбиеленушілерінің оқу жұқтемесі, ұйымдастырылған оқу қызметінің тәртібі мен ұзақтығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірлеген ұлгілік оқу жоспарына сәйкес айқындалады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесіне сәйкес, балалардың белсенді демалуы үшін, жеткілікті үзілістер қарастырылған.

27. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі педагогикалық кеңесте қаралып бекітіледі және маусымға сәйкес өзгертуі мүмкін.

28. Кәсіпорын қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуді және дамытуды, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың жалпы білім беру стандартына сәйкес орыс тілін немесе басқа бір шет тілін оқытуды қамтамасыз етеді.

29. Кәсіпорында әр балаға мынадай :

- 1) өмірі мен денсаулығының қорғалуына;
- 2) қадір-қасиетінің қорғалуына;
- 3) дене, моральдық немесе психологиялық зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғалуына;

4) мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру стандартына сәйкес оның шығармашылық қабілеттері мен қызығушылықтарының дамуына;

5) сапалы мектепалды даярлануына;

6) дамудағы кемшіліктерді түзетуде білікті көмек алуына;

7) бейімділігіне, қабілеттеріне, тілегіне және денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алуына кепілдік беріледі.

30. Ата-аналар (немесе өзге занды өкілдер):

1) бала денсаулығының жай-күйін, тілегін, жеке дара ерекшеліктері мен бейімділігін ескере отырып мектепке дейінгі ұйым кеңесінің, ата-аналар комитетінің жұмысына қатысуға;

2) педагогикалық кеңестің, мектепке дейінгі ұйым кеңесінің, ата-аналар комитетінің жұмысына қатысуға;

3) балаларды тәрбиелеу мен оқыту проблемалары бойынша консультативтік және әдістемелік көмек алуға;

4) өз балаларын бағдарламалық материалдарды менгеруге, мінездүлкіна қатысты ақпарат алуға;

5) осы Жарғыда, Кәсіпорын мен ата-ана (немесе өзге де занды өкілдері) арасындағы шартта белгіленген шекте, балаға дұрыс қарауды, күтуді, тәрбиелеу мен дамытуды талап етуге;

6) өз баласы үшін қосымша ақылы білім беру және сауықтыру қызметтерін таңдауға;

7) Кәсіпорында балалармен жұмысты жақсарту және қосымша қызметтерді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

31. Ата-аналар (немесе өзге занды өкілдері):

1) олардың құқығы мен міндеттеріне қатысты бөліктө Жарғы мен ішкі еңбек тәртібі ережесін орындауға;

2) бала өмірі үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың зияткерлік және тәни мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

3) тәрбиелеу-білім беру процесінде және мектепалды даярлығын қамтамасыз етуде Кәсіпорын педагогтарымен ынтымақтастық жасауға;

4) баланың келуін қамтамасыз етуге;

6) Кәсіпорында баланы ұсташа үшін уақтылы ақы төлеуге міндетті.

32. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

5. Кәсіпорында балаларды қабылдау

33. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Конституциясына, Мемлекеттік қызмет стандартына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ олардың негізінде өзірленген кәсіпорынның осы Жарғысына сәйкес оқуға және тәрбиелеуге қабылдауды жүзеге асырады.

34. Баланы қабылдауды басшы (менгеруші) жүргізеді:

1) Кәсіпорынға уәкілетті орган берген жолдаманың, денсаулық паспортының негізінде;

2) шағын орталыққа уәкілетті орган берген жолдаманың негізінде;

3) инклузивті білім беру жалпы дамитын топтарына уәкілетті органның жолдамасының, психологиялық-медициналық-педагогикалық қорытындысының, денсаулық паспортының негізінде қабылданады.

35. Кәсіпорын мектепке түсуші тәрбиеленушінің ата-аналарың(және олардың заңды өкілдерін) аталған Жарғымен және Кәсіпорынның білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттейтін.басқа да құжаттармен таныстырады.

36. Кәсіпорын әкімшілігі мен мектепке түсуші тәрбиеленушінің ата-аналарың (және олардың заңды өкілдерін) арасында білім беру қызметтерін көрсетуге екі данада шарт жасалады.

Шарт жазбаша түрде жасалады және Кәсіпорын қызметінің ерекшеліктері мен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес барлық маңызды жағдайларды қамтуы тиіс.

37. Төмендегі жағдайларда баланың Кәсіпорындағы орны сақталады:

1) бала ауырып қалғанда, емделгенде, сауықканда, түзету және бала денсаулықсақтау ұйымдарында оналғанда (анықтама көрсеткен жағдайда);

2) баланың заңды өкілдерінің еңбек демалысында болғанда (Жазбаша өтініш қалдырғанда) бала орны сақталады.

38. Уәкілетті органның келісіүі бойынша басшы (менгеруші) балаларды Кәсіпорыннан мынадай жағдайда шығарады:

1) мектепке дейінгі үйым мен ата-аналар немесе баланың заңды өкілі арасында келісім талаптары бұзылса;

2) бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей балабақшаға келмеген кезде;

3) баланың Кәсіпорынга келуіне, дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасы негізінде медициналық қарама-қайшылықтың болуы.

Ата-аналар (немесе өзге заңды өкілдерге) баланың Кәсіпорыннан шығарылатындығы туралы 10 (он күн бұрын хабардар етіледі).

6. Кәсіпорында ақылы қызмет көрсету тәртібі

39. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte ақылы негізде тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) ұсынуға құқылы.

40. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген тәртіpte ақылы білім беру және денсауылқты сауықтыру қызметтерін көрсетуге құқылы.

41. Кәсіпорынның ақылы негізде ұсынатын тауарлары (жұмыстары және қызметтері), мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында қаржыландыратын негізгі іс-әрекеттің орнына көрсетіле алмайды.

42. Кәсіпорынның ақылы негізде ұсынатын тауарлардың (жұмыстар мен қызметтердің) бағасы, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte бекітуге жатады.

43. Кәсіпорын ұсынатын ақылы тауарлар (жұмыстар мен қызметтер) шарт негізінде іске асырылады.

44. Ақылы білім беру және денсауылқты сауықтыру қызметтері тәрбиеленушілерге ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің тілегі бойынша, Кәсіпорын мен тәрбиеленушілердің ата-анасы немесе олардың заңды өкілдері арасында жасалған шарт негізінде жеке кесте бойынша ұсынылады.

45. Кәсіпорын мен тәрбиеленушілердің ата-аналарының Кәсіпорындағы қарым-қатынастары шарт негізінде жүзеге асырылады.

Білім беру және денсауылқты сауықтыру қызметтерін көрсету шартының (бұдан әрі - Шарт) тараптары тәрбиелеу-білім беру үдерісіне қатысушылар: Кәсіпорынның әкімшілігі басшы тұлғасында, ата-аналар немесе олардың заңды өкілдері (корғаншылар, қамқоршылар) болып табылады.

Шарт жазбаша түрде жасалады және онда Кәсіпорын жұмысының ерекшеліктеріне және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес барлық маңызды көрсетілуі тиіс.

Ақылы қосымша білім беру және денсауылқты сауықтыру қызметтерін көрсетуден алынған қаражат білім беру үдерісіне, оның ішінде оқу жабдықтарын сатып алуға, Кәсіпорын қызметкерлерін әлеуметтік және материалдық қолдауға қайта инвестицияланады.

7. Кәсіпорынды басқару

46. Кәсіпорынды жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған уәкілетті орган жүзеге асырады.

47. Әкімдік:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

48. Уәкілетті орган:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындейды;

2) Кәсіпорынды даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорын басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындейды;

7) педагог қызметкерлер үшін бірінші және жоғары біліктілік санаттарын береді және бекітеді;

8) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

49. Басшы Кәсіпорынды басқару органы болып табылады.

50. Кәсіпорын басшысын уәкілетті орган қызметке конкурс негізінде тағайындейды және қызметтен босатады. Оны атtestаттау Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген жағдайларды қоюпаганда, Қазақстан Республикасындағы атtestаттау қагидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

51. Уәкілетті орган Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

52. Кәсіпорын басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі мен мүлкінің сақталуына, Кәсіпорынга жүктелген тапсырмалардың орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға, таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны, сондай-ақ Кәсіпорын қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларына сәйкес келмеуіне жеке жауап береді.

53. Кәсіпорын басшысы Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлық іс-қимылдардың ұйымдастырылуына дербес жауапты болады.

54. Кәсіпорын басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыretіне сәйкес дара басшылық қағидаттарында іс-қимыл жасайды және Кәсіпорын қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

55. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекеттеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектер де Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндettі бүйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазага тартады;

8) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыretін белгілейді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшінү әкілетті органға кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыretін белгілейді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

56. Кәсіпорынды басқару бірізділік және алқалылық басқару принципінде құрылады. Кәсіпорынды жалпы басқаруды жүзеге асыратын педагогикалық және әдістемелік кеңес болып табылады (бұданәрі – Кенес).

57. Кенес құрамына Кәсіпорын басшысы (төрағасы), оның орынбасарлары, қызметкерлері кіреді. Кенес Кәсіпорын іс-әрекеті мен ұйымдастырудың барлық маңызды мәселелері бойынша дауыстарды санап,

шық дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Дауыстар саны тең болған жағдайда төраға дауысы шешуші болып табылады. Кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібін, оны сайлау тәртібін қосқанда Кәсіпорын басшысы бекітеді.

58. Кеңестің басты міндеттері-білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша ұжым күшін біріктіру, Кәсіпорын ұжымының оку-әдістемелік жұмысын жетілдіруге бағыттау болып табылады.

59. Кеңестің құзыретіне кіреді:

1) оку жоспарлары мен бағдарламаларды бекіту;

2) педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын айқындау;

3) Кәсіпорын педагогикалық құрамының біліктілігін арттыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, олардың шығармашылық бастамашылықтарын дамыту;

4) озық тәжірибелі тарату;

5) қызметкерлерді ынталандырудың әр түріне ұсыну.

60. Жыл сайын Кәсіпорын жетекшісінің бұйрығымен құрылған атtestаттау комиссиясы педагогикалық қызметкерлерді олардың кәсіптік қызметін есептей отырып атtestация жүргізеді.

8. Еңбек ұжымының мүшелері, олардың міндеттері мен құқықтары

61. Еңбек ұжымының мүшелеріне Кәсіпорын негізгі жұмыс орны болып табылатын тұлғалар (басшы және оның қызметкерлері) жатады.

Тиісті кәсіптік білімі бар және біліктілік талаптарына жауап беретін кез-келген азамат Кәсіпорын қызметкери бола алады.

62. Кәсіпорында педагогтік қызметіне сот үкімімен немесе медициналық корытындымен жұмыс істеуге тыйым салынған адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

63. Кәсіпорын басшысы мен оның қызметкерлері арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Еңбек шартының талаптары Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

64. Кәсіпорын қызметкерлері:

1) кәсіптік іс-әрекеті үшін жағдаймен қамтамасыз етілуге;

2) атқаратын лауазымы мен мамандығына сәйкес Кәсіпорын іс-әрекетіне қатысуға;

3) өзінің кәсіптік атақ-абыройын қорғауға;

4) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының тадаптарын сақтау кезінде ұйымдастыру және іс-әрекет әдіс-тәсілдерін еркін тандауға;

5) Кәсіпорын іс-әрекетімен байланысты кез-келген мәселені еңбек ұжымының талқылауына салуға;

- 6) қызметтік өсу және біліктілік санатын жоғарылату мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;
- 7) штаттық кестеге және біліктілік санатына сәйкес кепілді еңбекақы алуға;
- 8) педагогикалық іс-әрекеттегі табыстары үшін мемлекеттік марапат, құрметті атақ, сыйақы түріндегі моралдық және материалдық ынталандыруға;
- 9) Қесіпорын әкімшілігінің бұйрықтары мен әкімдеріне шағымдануға;
- 10) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, сондай-ақ өзге де нормативтік-құқықтық актілермен реттелетін құқықтарға құқылы.

65. Қесіпорын қызметкерлерінің міндеттері:

- 1) осы Жарғыны сақтауға, ішкі тәртіп ережесін, лауазымдық нұсқаударды, Қесіпорынның қауіпсіздік техникасы ережелерін және жергілікті актілерін, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе басшының тапсырымасын орындауға;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte өз функцияларын орындалуына дербес жауап беруге;
- 3) окушыларды салауатты өмір салты дағдыларына баули отырып, олардың өмірі мен денсаулығын қамтамасыз етуге;
- 4) есепті құжаттаманы және басқа құжаттарды жүргізуге және дер кезінде тапсыруға;
- 5) өзінің кәсіптік біліктілігі аясында оқытудың теориялық және практикалық білімдері мен дағдыларын меңгеруге;
- 6) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін тұрақты жетілдіруге;
- 7) бес жылда бір реттен кем емес тиісті санатқа аттестаттаудан өтуге, бес жылда біліктілік санатын растауға;
- 8) педагогикалық этика нормаларын сақтауға;
- 9) өз біліктіліктерін арттыруға;
- 10) медициналық тексеруден дер кезінде өтуге;
- 11) салауатты өмір салтын ұстануға және оны білім алушылар арасында насиҳаттауға;
- 12) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының атақ-абыройын құрметтеуге міндетті.

66. Білім алушылардың денесіне немесе моралдық-психологиялық залал келтірген кінәлі қызметкерлер Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte жеке жауапкершілік алады.

67. Қесіпорын қызметкерлеріне тәрбие-білім беру үдерісінде саяси үгіт, діни насиhat мақсатында және Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келетін әрекеттерге білім алушыларды еліктіруге тыйым салынады.

68. Педагогикалық этика нормалары мен міндеттін бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамаларында және еңбек шартында қарастырылған жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

9. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі

69. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

70. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заннамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

10. Кәсіпорын мүлкі

71. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

72. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

73. Кәсіпорын мүлкі:

- 1) оған құрылтайшы берген мүліктің;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заннамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат есебінен қалыптастырылады.

74. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

75. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

76. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заннамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

77. Егер Қазақстан Республикасының заннамасымен немесе құрылтайшының шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жедел басқару құқығы, оған қатысты құрылтайшы оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындаиды.

78. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйга тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

79. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және

меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 76-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

80. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, әкімдік тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

81. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде әкімдік Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстаудың және сақталудың қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

82. Осы Жарғының 74-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті әкімдіктің жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

83. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

11. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

84. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты (жергілікті және респубикалық бюджет) есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейді.

85. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін әкімдік белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен респубикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін респубикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

86. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

Кәсіпорын өндіретін және іске асыратын тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) бағасын әкімдік бекітеді.

87. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

12. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

88. Кәсіпорынның жарғылық капиталы құрылтайшыдан жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

13. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

89. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

90. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

14. Кәсіпорынның жауапкершілігі

91. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүліктің алып қоюға жол берілмейді.

Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

15. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

92. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қоры Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген Кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық айлықақы (мөлшерлеме), еңбек жағдайларына қосымшаақы және ұстемеақы, өтемақы, сыйлықақы жүйесі мен өзге де сыйақы есебінен айқындалады.

93. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

94. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қоры, еңбекақы төлеу нысандары, тариф кестесі, лауазымдық айлықақылар Кәсіпорынның штаттық кестесіне сәйкес бекітіледі.

Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (ага) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақыны әкімдік белгілейді.

16. Кәсіпорынның халықаралық ынтымақтастығы

95. Кәсіпорын халықаралық ынтымақтастықты Қазақстан Республикасының заңнамаларына және халықаралық шарттарға сәйкес іске асырады.

96. Кәсіпорын білім саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша өз жұмысының ерекшелігіне сәйкес шетел білім, ғылым және мәдениет үйымдарымен, халықаралық үйымдар мен қорлармен тікелей байланыс орнатуға, ынтымақтастық туралы екі жақты және көп жақты шарттар жасасуға, білім алушылармен, педагогикалық және ғылыми қызметкерлермен халықаралық тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысуға, білім саласындағы халықаралық үкіметтік емес үйымдарға (ассоциациялар) кіруге құқығы бар.

17. Кәсіпорынды қайта үйымдастыру және тарату

97. Кәсіпорынды қайта үйымдастыру және тарату әкімдіктің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

98. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін әкімдік қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

18. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

99. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды әкімдік енгізеді.